

**Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің Мемлекеттік саясат магистрі және
Мемлекеттік басқару магистрі бағдарламаларына түсуге қойылатын ең
төменгі талаптар мен құжаттар пакетінің бақылау тізімі**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 16.03.2022

Күшіне енген күні: 16.03.2022

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 23

Иесі: Жоғары мемлекеттік саясат мектебі

Қайта қарау күні: 15.01.2023

Қолданылуы: NU and NU applicants

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің магистратура бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары

Күні: 29 мамыр 2019 ж

Тіркеу нөмірі: № 58-н/қ

Бекітуші орган: Провост



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің Мемлекеттік саясат магистрі бағдарламасына түсуге қойылатын ең төменгі талаптар мен құжаттар пакетінің бақылау тізімі

1.1 Түсуге қойылатын талаптар:

1.1.1 тиісті пән бойынша негізгі жоғары білім (бакалавр немесе баламасы). Тіркеу кезеңінде соңғы оқу жылындағы студенттер қарау үшін ресми ағымдағы транскриптті ұсына алады. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін қорытынды транскрипт пен дипломдарды ұсынуы тиіс;

1.1.1 ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі:

1) IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,5 (әрбір секция бойынша кемінде 6,0 балл) немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің баламалы нәтижесі («Home edition»-ды қоспағанда);

2) Магистратура бағдарламаларының дайындық жылы бағдарламасына түсу үшін ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талаптар: IELTS тесті бойынша жалпы балл және секциялары бойынша балл кемінде 5,5 балл (тек бір секция бойынша 5,0 балл рұқсат етіледі) немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің баламалы нәтижесі («Home edition»-ды қоспағанда);

3) Бағдарламаға түсетін үміткерлер Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша мынадай жағдайлардың бірінде:

ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқу және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде алдыңғы академиялық дәрежені алса;

ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар бойынша оқу қорытындыларына сәйкес бакалавр дәрежесін (немесе баламасы) және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі дәрежені алса;

егер үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болса, ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін ұсынудан босатылуы мүмкін.

1.1.2 эсседе көрсетілген Бағдарламаға деген жоғары уәждеме мен қызығушылық;

1.1.3 GRE немесе GMAT тесттерінде (міндетті емес) көрсетілген күшті оқу, аналитика және математика дағдылары. Ресми GRE/GMAT балы талап етілмесе де, үміткер бәсекеге қабілетті GRE/GMAT балын ұсыну арқылы өз өтінімін жақсарта алады;

1.1.4 тиісті салада кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі. Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша 2 жылдан аз жұмыс тәжірибесі бар үміткерлер де, егер үміткердің CGPA 4,0-ден кемінде 2,75 немесе оның баламасы болса, қарастырылуы мүмкін.

2.1 Онлайн өтінім беру үшін қажетті құжаттар пакетінің бақылау тізімі:

2.1.1 Бағдарламаға толтырылған сауалнама нысаны;



2.1.2 жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;

2.1.3 CV сканерленген көшірмесі;

2.1.4 эссенің сканерленген көшірмесі. Эссе тақырыптары сауалнама нысанында көрсетілген;

2.1.5 транскрипттері бар дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмелері (қазақстандық жоғары оқу орындарынан алынған транскрипттері бар дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылған болуы керек);

2.1.6 құжаттарды онлайн тапсыру күніне жарамды (2 жылдан аспайтын) IELTS немесе TOEFL IBT («Home edition»-ды қоспағанда) академиялық тестілерінің нәтижелері туралы тестілеу әкімшісінен ресми электрондық есеп және оның сканерленген көшірмесі. Үміткер тестілеуге тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған жағдайда, ол тестілеу орталығына жүгіне алады және алушы ретінде Назарбаев Университетін көрсете алады;

2.1.7 ағылшын тілінің оқыту тілі болып табылатынын растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі (тек ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша дәреже алған және IELTS немесе TOEFL («Home edition»-ды қоспағанда) тапсырудан босатуды сұраған үміткерлер үшін);

2.1.8 жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі (ағылшын тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар) (егер қолданылса);

2.1.9 екі ұсыным хат (рецензенттер Университет жүйесі арқылы немесе сканерленген көшірме түрінде ұсынуы тиіс);

2.1.10 құжаттарды онлайн тапсыру күні жарамды GMAT немесе GRE тест сертификатының ресми нұсқасы (бар болса). Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған болса, ол тестілеу орталығына жүгіне алады және алушы ретінде Назарбаев Университетін көрсете алады;

2.1.11 атының өзгергенін растайтын нотариалды куәландырылған құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса).



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің Мемлекеттік басқару магистрі бағдарламасына түсуге қойылатын ең төменгі талаптар мен құжаттар пакетінің бақылау тізімі

1.2 Түсуге қойылатын талаптар:

1.2.1 тиісті пән бойынша негізгі жоғары білім (бакалавр немесе баламасы). Тіркеу кезеңінде соңғы оқу жылындағы студенттер қарау үшін ресми ағымдағы транскриптті ұсына алады. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін қорытынды транскрипт пен дипломдарды ұсынуы тиіс;

1.2.2 ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі:

1) IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,5 (әрбір секция бойынша кемінде 6,0 балл) немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің баламалы нәтижесі («Home edition»-ды қоспағанда);

2) Магистратура бағдарламаларының дайындық жылы бағдарламасына түсу үшін ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талаптар: IELTS тесті бойынша жалпы балл және секциялар бойынша балл кемінде 5,5 балл (тек бір секция бойынша 5,0 балл рұқсат етіледі) немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің баламалы нәтижесі («Home edition»-ды қоспағанда);

3) Бағдарламаға түсетін үміткерлер Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша мынадай жағдайлардың бірінде:

ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқу және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде алдыңғы академиялық дәрежені алса;

ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар бойынша оқу қорытындыларына сәйкес бакалавр дәрежесін (немесе баламасы) және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі дәрежені алса;

егер үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болса, ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін ұсынудан босатылуы мүмкін.

1.2.3 эсседе көрсетілген Бағдарламаға деген жоғары уәждеме мен қызығушылық;

1.2.4 GRE немесе GMAT тесттерінде (міндетті емес) көрсетілген күшті оқу, аналитика және математика дағдылары. Ресми GRE/GMAT балы талап етілмесе де, үміткер бәсекеге қабілетті GRE/GMAT балын ұсыну арқылы өз өтінімін жақсарты алады;

1.2.5 тиісті салада кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі. Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша 3 жылдан аз жұмыс тәжірибесі бар үміткерлер де, егер үміткердің CGPA 4.0-ден кемінде 2,75 немесе оның баламасы болса, қарастырылуы мүмкін.

2.2 Онлайн өтінім беру үшін қажетті құжаттар пакетінің бақылау тізімі:

2.2.1 Бағдарламаға толтырылған сауалнама нысаны;



2.2.2 жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;

2.2.3 CV сканерленген көшірмесі;

2.2.4 эссенің сканерленген көшірмелері. Эссе тақырыптары сауалнама нысанында көрсетілген;

2.2.5 транскрипттері бар дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмелері (қазақстандық жоғары оқу орындарынан алынған транскрипттері бар дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылған болуы керек);

2.2.6 құжаттарды онлайн тапсыру күніне жарамды (2 жылдан аспайтын) IELTS немесе TOEFL IBT («Home edition»-ды қоспағанда) академиялық тестілерінің нәтижелері туралы тестілеу әкімшісінен ресми электрондық есеп және оның сканерленген көшірмесі. Үміткер тестілеуге тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған жағдайда, ол тестілеу орталығына жүгіне алады және Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады;

2.2.7 ағылшын тілінің оқыту тілі болып табылатынын растайтын сканерленген құжат (тек ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша дәреже алған және IELTS немесе TOEFL («Home edition»-ды қоспағанда) тапсырудан босатуды сұраған үміткерлер үшін);

2.2.8 жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі (ағылшын тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар) (егер қолданылса);

2.2.9 екі ұсыным хат (рецензенттер Университет жүйесі арқылы немесе сканерленген көшірме түрінде ұсынуы тиіс);

2.2.10 құжаттарды онлайн тапсыру күні жарамды GMAT немесе GRE тест сертификатының ресми нұсқасы (бар болса). Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі керек. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған болса, ол тестілеу орталығына жүгіне алады және Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады;

2.2.11 атының өзгергенін растайтын нотариалды куәландырылған құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса).

